


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ
ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ

МЖӘ және БИ мәселелері
жөніндегі Сараптама комиссиясының
2024 жылғы «28» қарашадағы № 05-39
хаттамасымен «МАҚҰЛДАНДЫ»
Комиссия төрағасы


А. Е. Калигазин

БЕКІТЕМІН
«Қазақстандық мемлекеттік-жекешелік
әріптестік орталығы» АҚ
Басқарушы директор –
Басқарма мүшесі


Е. Ермекулы
«28» қараша 2024 ж.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕП
МЖӘ жобаларын іске асыруды бағалау бойынша
(II, III кезең)

Астана, 2024 ж.

КІРІСПЕ

«Қазақстандық мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті дамыту орталығы» АҚ (*бұдан әрі – МЖӘ дамыту орталығы*) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің (*бұдан әрі – ҚР БК*) 158-бабының 3-тармағына және «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (*бұдан әрі - Заң*) 26-бабының 2-тармағының 5)-тармақшасына іске асыру мерзімі МЖӘ жобаларын іске асырудың мониторингі бойынша ақпаратты, сондай-ақ есепті жыл ішінде аяқталған немесе тоқтатылған МЖӘ жобалары бойынша, оның ішінде концессиялық жобалар бойынша ақпаратты ұсыну күніне күнтізбелік бір жылдан астамды құрайтын, МЖӘ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды іске асыруды бағалау (*бұдан әрі – бағалау*) бойынша есеп (II, III-кезең) дайындалды.

Бағалау «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 (*бұдан әрі – № 725 Қағидалар*) бұйрығының және «Концессиялық жобаларды жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы № 157 бұйрығының (*бұдан әрі – № 157 Қағидалар*) талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Бағалау туралы есептің құрылымы мыналардан тұрады:

- қорытындылар мен ұсынымдары бар бағалау бойынша жиынтық ақпарат;
- жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізуді көрсететін есептің негізгі бөлігі.

Есептің негізгі бөлігінде әрбір МЖӘ жобасы, соның ішінде концессиялық жоба бойынша қысқаша ақпарат қамтылған, соның ішінде:

- атауы, құны, мақсаты, жобаны іске асыру мерзімі;
- мемлекеттік және жекеше әріптестердің (концедент және концессионер) атаулары;
- МЖӘ саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсынымдар келтірілген салыстырмалы кестемен қоса берілген (қажет болған жағдайда).

№725 Қағидалардың 256-2-тармағының 2-тармақшасына және № 157 Қағидалардың 5-тарауының 21-тармағына сәйкес Бағалау МЖӘ жобалары, оның ішінде II және III- санаттағы концессиялық жобалар бойынша жүргізілді, олар бойынша мыналар көзделген:

- МЖӘ жобасы бойынша операциялық шығындарды өтеу, концессионердің пайдалану шығындарын өтеу (*бұдан әрі – ОШӨ*)
- Мемлекет меншігіндегі МЖӘ объектісін /концессияны басқаруды жүзеге асырғаны үшін сыйақы, сондай-ақ МЖӘ объектісін/концессияны пайдаланғаны үшін жалгерлік төлемі (*бұдан әрі - БҮС, жалгерлік төлемі*)
- қолжетімділік үшін төлем (*бұдан әрі - ҚҮТ*)

- МЖӘ объектісін/концессияны пайдалану процесінде тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді іске асыру (*бұдан әрі – ТЖҚ іске асыру*)
- ҚР заңнамасымен анықталған жағдайларда мемлекеттен субсидиялар
- МЖӘ жобасын концессиялық жобаны іске асыру кезінде өндірілетін тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің белгілі бір көлемін мемлекеттің тұтыну кепілдігі (*бұдан әрі – тұтыну кепілдігі*)
- мемлекетке тиесілі зияткерлік меншік объектілеріне айрықша құқықтарды беру
- ҚР заңнамасына сәйкес заттай гранттар беру
- бюджеттен өзге де төлемдер.

II және III- кезеңдердің есебі ОШӨ, БҮС, ҚҮТ, жалгерлік төлем, ТЖҚ іске асыру, субсидиялау, тұтыну кепілдігі, мемлекетке тиесілі зияткерлік меншік объектілеріне айрықша құқықтарды беру және заттай гранттар ұсынуды көздейтін 524 жобаны қамтиды.

Жүргізілген бағалау қорытындылары бойынша (II, III-кезең) іске асыру мониторингі бойынша есептер (*бұдан әрі – мониторинг*) 11,5% жобалармен, оның ішінде республикалық маңызы бар 6 жобамен ұсынылмаған («Күнделік» электронды журналдар мен күнделіктердің автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құру, енгізу және жұмыс істеуін қамтамасыз ету», «Өңірлік тестілеу және педагогикалық құзыреттілік орталықтары», «Талшықты-оптикалық байланыс желілері технологиясы бойынша Қазақстан Республикасының ауылдық елді мекендеріне кең жолақты қолжетімділікті қамтамасыз ету», «Тұрғын үй қатынастары және ТҮКШ саласындағы электрондық ақпараттық ресурстарды орталықтандырылған жинау және сақтаудың ақпараттық жүйесін енгізу, қолдау және дамыту», «(e-Freight) әуе жүк тасымалы саласындағы қағазсыз құжат айналымы ақпараттық жүйесін енгізу және бейімдеу», «Әуе жолаушылары туралы деректерді жинаудың автоматтандырылған жүйесін құру және енгізу»).

Көп жағдайда мониторинг бойынша есептерді толтыру формалды сипатқа ие немесе тек ішінара толтырылады. МЖӘ шарттарын, концессияларды, жасасқаннан кейін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері (*бұдан әрі - ББӘ*) мониторинг процесіне, шарт талаптарының орындалуын бақылауға тиісті назар аудармайды (*мониторингтер бойынша ақпарат МЖӘ шарттарына сәйкес келмейді, МЖӘ дамыту орталығына ақпарат №725 Қағидалармен көзделген мерзімінен асырыла отырып беріледі және т.б.*).

Нақты көрсеткіштердің болмауы, сондай-ақ № 725 Қағиданың 16-қосымшасының талаптарына сәйкес сапалық сипаттамаларға қол жеткізу жобалардың мақсаттарына, міндеттері мен нәтижелеріне қол жеткізуге/сақтауға бағалау жүргізуге мүмкіндік бермейді.

Бағалауды жүргізу үшін тиісті саланың уәкілетті органы, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары МЖӘ Даму орталығына МЖӘ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды іске асыру мониторингі бойынша ақпарат береді. Ақпарат № 725 Қағидаға 16-қосымшаға (МЖӘ жобалары бойынша) және № 157 Қағидаға 2-қосымшаға (концессиялық жобалар бойынша) сәйкес есепті жылдан кейінгі жылдың 20 ақпанынан кешіктірілмей жіберіледі, тиісті

саланың уәкілетті органы бірінші басшысының орынбасарынан төмен емес, жергілікті деңгейде – облыс, республикалық маңызы бар қала және астана әкімінің орынбасарынан төмен емес лауазымы бар тұлға қол қояды.

Мониторинг бойынша ақпаратқа қосымша: МЖӨ/ концессия шартының көшірмесі, қазынашылық органдарында тіркелгені туралы белгісі бар оған қосымша келісімдер (болған жағдайда), қаржы-экономикалық моделін (бұдан әрі - ҚЭМ) қоса бере отырып, МЖӨ/ концессия шарттары бойынша мемлекеттік және жекеше әріптестердің міндеттемелерінің орындалуын растайтын салалық, экономикалық қорытындылар мен сараптамалардың, сондай-ақ өзге де құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, конкурстық құжаттаманың/ МЖӨ жобасының бизнес – жоспарының/ концессияның № 725 Қағиданың талаптарына сәйкес бекітілген көшірмесі қоса беріледі.

МЖӨ дамыту орталығы № 725 Қағидалардың 252-тармағына және № 157 Қағидалардың 3-қосымшасының 18-тармағына сәйкес ұсыну мерзімдерін көрсете отырып, бағалау жүргізу үшін қажетті жетіспейтін және қосымша ақпарат беру қажеттілігі туралы Мемлекеттік органдарға сұрау салулар жолдады. Сұрау салу қорытындысы бойынша МЖӨ дамыту орталығы 31.10.2024 жылы ҚР Ұлттық экономика министрлігіне (бұдан әрі – ҚР ҰЭМ) тиісті хабарлама жолдады. Сондай-ақ, қажет болған жағдайда құжаттамада көрсетілмеген жобалардың егжей-тегжейін нақтылау мақсатында жобалардың стейкхолдерлерімен жұмыс тәртібімен (телефон байланысы арқылы) келіссөздер жүргізілді.


I. МЖӘ ЖОБАЛАРЫН, ОНЫҢ ІШІНДЕ КОНЦЕССИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ БАҒАЛАУ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ АҚПАРАТ

№ 725 Қағидалардың 251-тармағына сәйкес бағалау іске асыру кезеңі осы Қағидалардың 248 және 250-тармақтарында көрсетілген МЖӘ жобасының іске асырылуын мониторингтеу бойынша ақпаратты тапсыру күніне бір күнтізбелік жылдан астам мерзімді құрайтын барлық іске асырылып жатқан МЖӘ жобалар бойынша, сондай-ақ есепті жыл ішінде аяқталған немесе тоқтатылған МЖӘ жобалары бойынша да жүргізіледі.

Тиісінше, № 725 Қағидалардың 251-тармағына және 256-2-тармағының 2)-тармақшасына сәйкес бағалау шарттары 2023 жылғы 20 ақпанға дейін жасалған жобалар бойынша және 2023 жылдың ішінде шарттары аяқталған немесе тоқтатылған жобалар бойынша жүргізіледі.

1. балар бойынша жиынтық статистика.

Осы есеп шеңберінде II және III- санаттағы 524 жоба, атап айтқанда 8 республикалық, 516 жергілікті жоба қаралды.




Жергілікті деңгейдегі ең ірі жобалар:

- Шымкент қаласының Тұран ауданында БЖСМ ұйымдастыру және пайдалану арқылы жаппай балалар спорт түрлерін дамыту;
- Түркістан облысындағы 20 мектеп-интернаттың асханаларын жаңғырту және пайдалану;
- Атырау қаласындағы жасыл желектерді күту;
- Б.Александров атындағы Спорт сарайын қолданыстағы спорт секцияларымен, Тимирязева көш., 177 Жабық хоккей модулімен күтіп ұстау және қызмет көрсету және балалар мен жасөспірімдер шайбалы хоккейін дамыту, сондай-ақ ШҚО кәсіби хоккей командаларын ресми спорттық жарыстарға дайындау, күтіп ұстау және қатысу бойынша қызметтерді көрсету;
- Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мүгедек балаларға, қарттарға және I, II-топтағы мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарындағы асханаларды жаңғырту және пайдалану;
- «Алматы Арена» және «Халық Арена» көпфункционалды кешендерін басқаруды ұйымдастыру.

Инвестицияның қомақты көлемімен ең көп капиталды қажет еткен жоба «Талшықты-оптикалық байланыс желілері технологиясы бойынша ҚР

ауылдық елді мекендеріне кең жолақты қолжетімділікті қамтамасыз ету» республикалық МЖӘ жобасы (74,6 млрд. теңге) болып табылады. Екінші орында «Көлденең мониторинг платформасын енгізу» республикалық МЖӘ жобасы (27,6 млрд. теңге) орналасқан.



Қарастырылып жатқан 524 жобаның ішінде білім беру саласында 337 (64,3%) іске асырылды, оның ішінде 274-і білім беру ұйымдарындағы асханаларды жаңғырту және пайдалану бойынша МЖӘ жобалары; денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету саласында – 85 (16,2%); дене шынықтыру және спорт саласында – 60 (11,5%) жоба.

Ағымдағы бағалау аясында ең көп таралған объектілер білім беру (асханалар, балабақшалар және т.б.), денсаулық (мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінде зертханалар, магнитті-резонансты томография (бұдан әрі – МРТ), компьютерлік томография (бұдан әрі – КТ) кабинеттерін ұйымдастыру және т.б.), дене шынықтыру және спорт (балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің (бұдан әрі – БЖСМ), спорт кешендерінің және дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінің (бұдан әрі – ДСК) қызметін ұйымдастыру және т.б.) объектілері болып табылады.

2. Бағалаудың II және III-кезеңдерінің нәтижелері бойынша жиынтық тұжырымдар мен ұсынымдар

МЖӘ шартының мониторингіне/басқаруына қатысты

ББӘ ұсынылған ақпаратқа сәйкес мониторинг бойынша есептерді толтырудың төмен сапасы (ресми) байқалады.

МЖӘ жобаларына, оның ішінде концессиялық жобаларға сапалы және уақтылы мониторинг жүргізу мақсаттарға, жоба нәтижелеріне қол жеткізбеу тәуекелдерін, тараптардың міндеттемелерін орындамау және шарттардың бұзылуына, олардың іске асырылуын тоқтата тұруға, соттың істі қарауына және т.б. әкелетін өзге де тәуекелдерді ерте анықтауға, бағалауға және

басқаруға мүмкіндік беретіндіктен, ББӘ-ні жобаларды іске асыру мониторингін жүргізуге және жобалар бойынша құжаттаманы жүйелеу үдерісін реттеуге ынталандыратын, 19.02.2024 ж. №725 Қағидалардың редакциясында МЖӘ жобаларын басқару рейтингі (*бұдан әрі – рейтинг*) заңдық деңгейде енгізілді.

Жоғарыда аталған рейтингті енгізудің бірінші кезеңінде көрсеткіштер ретінде бағалау шеңберінде сұралған құжаттар топтамасын және мониторинг бойынша есептерді ұсыну/ұсынбау индикаторлары анықталды. Қосымша, ҚР Үкіметінің бюджеттен тыс көздер және ақылы қызметтер есебінен төленетін жобаларды басымдықпен іске асыру жөніндегі саясатын жалғастыру мақсатында мемлекеттік міндеттемелер мен жеке инвестициялардың арақатынасы бойынша көрсеткіш анықталды.

Рейтингтің енгізілуі мониторинг бойынша есептер мен жобалар бойынша құжаттаманы жиналуын айтарлықтай жақсартты. Осылайша, өткен жылы жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша (*рейтинг енгізілгенге дейін*) жобалардың 42%-ы тиісті мониторинг рәсімдерінен өтпеген, ағымдағы жылы жобалардың тек 11,5%-ы мониторинг бойынша есептерді ұсынбаған;

МЖӘ жобаларын басқару рейтингіне қатысты

№ 725 Қағидалардың 254-тармағына сәйкес МЖӘ жобаларын іске асыруды бағалау нәтижесі МЖӘ жобаларын басқару сапасын арттыру бойынша ұсынымдарды, сондай-ақ МЖӘ жобаларын басқару бойынша өңірлердің рейтингін (*бұдан әрі – рейтинг, өңірлер рейтингі*) қамтитын есеп болып табылады.

Баяндалғанға байланысты бағалау бойынша есептің I, II және III кезеңдері шеңберінде жергілікті маңызы бар 789 МЖӘ жобасының деректері негізінде 2023 жылға рейтинг қалыптастырылды.

№ 725 Қағидалардың 250-тармағына сәйкес 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МЖӘ жергілікті жобаларының іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі ақпаратты ЖАО жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 20 ақпанынан кешіктірмей МЖӘ дамыту орталығына ұсынады. Алайда, талдау көрсеткеніндей, өңірлердің барлығы бірдей мониторинг процесін жүргізу бөлігінде заңнаманың талаптарын уақытылы орындай бермейді.

Сонымен, 789 жобаның ішінде 282 жоба (35,7%) бойынша мониторинг есептері уақытылы жолданған, уақытылы емес – 416 (52,7%), ал ұсынылмағаны – 91 (11,5%).

МЖӘ жобалары бойынша құжаттама ұсыну мәселелері бойынша да жағдай ұқсас. № 725 Қағидалардың 226-тармағына сәйкес Мемлекеттік әріптес МЖӘ шартын, оған қосымша келісімді (қосымша келісімдерді) (бар болса) тіркеген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде МЖӘ дамыту орталығына жобалар бойынша құжаттаманы (*МЖӘ шартының, ҚК көшірмесін, МЖӘ шартын/ҚК/концессиясын тіркеу туралы куәліктің, ҚЭМ, бизнес-жоспардың, салалық және экономикалық қорытындылардың көшірмелерін*) жібереді. Құжаттар топтамасын ұсынудың үшінші көрсеткіші бойынша, егер үш құжаттың кем дегенде біреуі – бастапқы шарт, конкурстық

құжаттама немесе бизнес-жоспар, эксель немесе pdf форматындағы қаржылық-экономикалық үлгі ұсынылса, ұпайлар «ішінара қамтамасыз ету» болып есептеледі. Жіберілген сұрату қорытындысы бойынша 53 жоба бойынша сұралған құжаттардың бірде-біреуі ұсынылмаған, оның ішінде 15 жоба Шымкент қаласында, бұл облыстағы жобалар портфелінің 40%-ға жуығын құрайды. Сондай-ақ, 58 жоба бойынша негізгі құжат – МЖӘ бастапқы шартының ұсынылмағанын, атап айтқанда, Түркістан облысында 32 жоба, Шымкент қаласында 15 жобаны атап өткен жөн. Нәтижесінде аталған МЖӘ жобалары бойынша құжаттаманы мұрағаттау және жүйелеу жүргізілмейді және ретке келтіруді қажет етеді деген қорытынды жасалады.

Осы талаптарға қарамастан, құжаттардың толық пакеті бар МЖӘ жобаларының үлесі бағаланатын жобалардың жалпы санының барлығының 60,8%-ын құрайды.

Жоғарыда аталғандар МЖӘ саласындағы заңнаманы іске асыру деңгейінің төмендігін көрсетеді.

Сондықтан өңірлердің рейтингін қалыптастыру бойынша әзірленген пилоттық жоба алдағы уақытта ЖАО-ға МЖӘ жобаларын іске асыру шеңберінде жауапкершілікті арттыруға, оның ішінде МЖӘ жобаларының мониторингі бойынша жұмысты жақсартуға мүмкіндік береді.

МЖӘ жобаларын басқару бойынша өңірлердің рейтингі

Өңір (ЖАО)	Рейтингтегі айқындама сы	Жобалар дың жалпы саны	МЖӘ даму деңгейінің көрсеткіші, балл	PI – тартылған инвестициялардың өтелу индексі, ММ есебінен ЖӘ баллы	М – мониторингті уақтылы ұсыну, балл	D – құжаттар топтамасын ұсыну, балл
Қызылорда облысы	1	45	85,03	1 826,2	800	1 200
Павлодар облысы	2	18	79,72	535,0	360	540
Алматы облысы	3	49	70,19	1 549,1	710	1 180
Ақтөбе облысы	4	10	68,72	317,2	100	270
Астана қаласы	5	16	68,65	298,4	320	480
Жетісу облысы	6	21	66,56	807,7	30	560
Абай облысы	7	11	55,82	214,0	140	260
Атырау облысы	8	53	55,37	624,6	880	1 430
Қостанай облысы	9	29	53,26	284,6	560	700
Маңғыстау облысы	10	31	50,74	342,9	320	910

Өңір (ЖАО)	Рейтингтегі айқындама сы	Жобалар дың жалпы саны	МЖӘ даму деңгейінің көрсеткіш і, балл	PI – тартылған инвестициял ардың өтелу индексі, ММ есебінен ЖӘ баллы	М – монитор ингті уақтылы ұсыну, балл	D – құжаттар топтамас ын ұсыну, балл
Алматы қаласы	11	30	49,24	227,2	490	760
Шығыс Қазақстан облысы	12	52	45,99	311,3	520	1 560
Қарағанды облысы	13	40	44,50	-	800	980
Батыс Қазақстан облысы	14	18	42,07	167,3	180	410
Түркістан облысы	15	173	40,90	3 835,3	290	2950
Ақмола облысы	16	67	40,23	405,4	590	1 700
Жамбыл облысы	17	40	39,83	263,1	470	860
Солтүстік Қазақстан облысы	18	40	37,15	245,8	420	820
Ұлытау облысы	19	6	33,33	-	80	120
Шымкент қаласы	20	40	16,65	475,8	-80	270

Рейтингті қалыптастыру № 725 Қағидаларға 15-1 қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады. Рейтинг әр өңірдің айқындамаларын көрсететін МЖӘ даму деңгейі бойынша реттелген өңірлердің тізімін береді.

2023 жылға арналған МЖӘ жобаларын басқару бойынша өңірлердің рейтингін есептеу нәтижелері бойынша көшбасшылар бестігіне Қызылорда, Павлодар, Алматы, Ақтөбе облыстарындағы МЖӘ жобалары және Астана қаласындағы жобалар кірді. Ал Шымкент, Ұлытау, Солтүстік Қазақстан, Жамбыл, Ақмола облыстарындағы МЖӘ жобалары рейтингтің төменгі айқындамаларын иеленген.

Сондықтан рейтингтің төменгі жартысында орналасқан өңірлерде мониторинг пен құжаттар топтамасы үшін балл саны берілуі мүмкін максималды баллдармен салыстырғанда айтарлықтай төмендейді. Бұл екі көрсеткіштің мәні МЖӘ жобаларын басқару бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға тікелей байланысты, сондықтан рейтингтің төменгі жартысындағы өңірлер үшін мұндай нәтиже заңдылық болып табылады.

Жетісу облысы PI бойынша жоғары көрсеткіштерге және құжаттар топтамасын ұсынуға байланысты рейтингтің 6-шы айқындамасында бола

отырып, егер МЖӘ жобаларын іске асыру мониторингі аясындағы есептер тиісті түрде жүргізілген болса, рейтингте әлеуетті жоғары орынға ие болуы мүмкін еді.

Жалпы, рейтингті қалыптастыру қорытындысы бірқатар ЖАО МЖӘ жобаларын басқару процесін жүргізетінін көрсетті. Ал рейтингтің төменгі позициясындағы өңірлер МЖӘ жобаларын басқару процесін жолға қоюы қажет. Осыған қарамастан, қарастырылып отырған Есеп шеңберінде жаңа әдістемені ескере отырып, рейтинг бірінші кезекте қалыптасқанын ескере отырып, категориялық қорытынды жасау ұсынылмайды.

Сонымен қатар, рейтингті қалыптастыру барысында рейтингті есептеу әдіснамасын одан әрі жетілдіру қажеттілігі анықталды. МЖӘ жобаларын басқару сапасын одан әрі жақсартуды, сондай-ақ әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға үшінші санаттағы жобалар енгізетін елеулі үлесті есепке алуды қамтамасыз ету мақсатында МЖӘ дамыту Орталығы жаңартылған әдістеменің есеп айырысу жобасын әзірлейді.

II. МЖӘ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАЛАРДЫ ЖЕТІЛДІРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР

№725 Қағидалардың 254-тармағына, сондай-ақ қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартқа 2-қосымшаның 30-тармағына сәйкес, МЖӘ жобасын бағалау туралы есептің құрылымы сондай ақ салыстырмалы кестені қоса берумен МЖӘ саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсынымдардан тұрады.

МЖӘ жобаларын іске асыруды бағалау нәтижелері бойынша МЖӘ саласындағы заңнамаға келесі өзгерістерді енгізу мүмкіндігін қарастыру ұсынылады:

- Бастапқыда көзделген іске асыру параметрлерінен тиісті негіздемелік шарттарды белгілеу арқылы қандай жағдайларда шарттың мерзімін ұзартуға болатынын, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті арттыруға және қандай жағдайларда тыйым салынатынын нақтылайтын нормаларды, шарттарды және талаптарды анықтау;

- Әртүрлі өңірлерде орналасқан объектілер арасында МЖӘ жобаларын іске асырудың әлеуметтік-экономикалық тиімділігінің салыстырмалылығын қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ салалық көрсеткіштер шеңберінде ақпарат жинаудағы алдыңғы кезеңдердің тәжірибесін ескере отырып, МЖӘ шарттарының түпкілікті нәтижелеріне міндетті түрде қосылатын салалық көрсеткіштер тізбесін бекіту;

- Белгілі бір параметрлер мен критерийлер бойынша МЖӘ жобаларының іске асырылуын жергілікті жерде бағалауды ұйымдастыру мүмкіндігін қамтамасыз ету;

- МЖӘ жобаларын іске асыру мониторингі бойынша есептің жаңартылған нысанын (№725 Қағидалардың 16-қосымшасы), оның ішінде алға қойылған мақсаттарға, міндеттерге, МЖӘ шарттары бойынша, оның ішінде шарттардың аяқталу мерзімі бар жобалар бойынша, сондай-ақ есепті

кезеңде тоқтатылған жобалар бойынша нәтижелерге қол жеткізу дәрежесін, тараптардың міндеттемелерін орындауын көрсету бойынша ақпараттық құрамдас бөлікті кеңейте отырып бекіту;

- МЖӘ тетігінің шеңберінде мемлекеттік міндеттемелерді төлеуді көздемейтін үшінші санаттағы жобалар бойынша жеке инвестициялардың өтелімділігі (PI) көрсеткішінің есептеу тәсілдерін жаңарту, рейтингтік көрсеткіштердің қол жеткізу деңгейін әкімдіктер қызметінің негізгі көрсеткіштерімен байланыстыру мүмкіндігін қарастыру, салмақтық коэффициенттерге деген тәсілді түзету арқылы өңірлердің рейтингін есептеу әдістемесін жетілдіруді жалғастыру.

Жоғарыда аталған және МЖӘ саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша басқа да ұсыныстар келесі салыстырмалы кестеде келтірілген.
